

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі N 1356 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 1

қ ы р к ү й е к т е г і

N

1 3 5 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Кувейт Мемлекетінің Үкіметі өз араларында Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасу жолымен өзара экономикалық қатынастарды дамытуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 бап

Келісім қолданылатын тұлғалар

Осы Келісім Уағдаласушы мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Келісім қолданылатын салықтар

1. Осы Келісім оларды алу әдісіне қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің немесе оның саяси бөлімшелерінің, орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табысқа салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызметақының немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жеке элементтерінен алынатын барлық салықтың түрлері табысқа салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Мыналар осы Келісім қолданылатын қазіргі салықтар, болып табылады:

a) Қазақстан Республикасы жағдайында:

i) корпорациялық табыс салығы;

ii) жеке табыс салығы;

(бұдан әрі "Қазақстан салықтары" деп аталатын); және

b) Кувейт Мемлекеті жағдайында:

i) корпорациялық табыс салығы;

ii) Кувейт Ғылымды Дамыту Қорына (КҒДҚ) төленетін, Кувейттік компаниялардың акцияларын ұстаушылардың таза пайдасынан алынатын салық;

iii) Зекет;

iv) қызметшіні материалдық қамтамасыз ету ұлттық заңнамасына сәйкес алынатын салық;

(бұдан әрі "Кувейт салықтары" деп аталатын).

4. Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес Келісім күшіне енген күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына алынатын кез келген бірдей немесе мәні бойынша ұқсас салықтарға да осы Келісім қолданылады. Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңнамаларындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар еді.

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) "Уағдаласушы мемлекет" және "екінші Уағдаласушы мемлекет" терминдер түпмәтінге байланысты Қазақстанды немесе Кувейтті білдіреді;

б) "Қазақстан" деген термин Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынасында қолданған кезде "Қазақстан" деген термин оның ұлттық заңнамасына және ол қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен заңды құзырын жүзеге асыра алатын аймақтарды қамтиды;

с) "Кувейт" деген термин Кувейт заңнамасының негізінде Кувейт өзінің егемендік құқықтарын немесе заңды құзырын жүзеге асыра алатын аймақ ретінде болған немесе кейіннен солай есептелетін халықаралық заңнамаға сәйкес аумақтық сулардан тыс кез келген аймақтарды қоса алғанда, Кувейт Мемлекетінің аумағын білдіреді;

д) "тұлға" деген термин кез келген жеке тұлғаны немесе компанияны және тұлғалардың кез келген басқа бірлестігін қамтиды;

е) "ұлттық тұлға" деген термин мыналарды білдіреді:

i) Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығын алған кез келген жеке тұлғаны;

ii) өз мәртебесін Уағдаласушы мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының негізінде алған кез келген заңды тұлға, әріптестік немесе қауымдастық;

ф) "компания" деген термин салық салу мақсаттары үшін корпорациялық бірлестік ретінде қарастырылатын кез келген корпорациялық құрылымды немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

г) "Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны" деген терминдер тиісінше Уағдаласушы мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

h) "халықаралық тасымал" деген термин теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді;

i) "салық" деген термин түпмәтін қазақстандық немесе кувейттік салықты білдіреді;

j) "құзыретті орган" деген термин мыналарды білдіреді:

i) Қазақстан жағдайында: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

ii) Кувейт жағдайында: министрін немесе Қаржы министрінің уәкілетті өкілін;

к) "кәсіпкерлік қызмет" деген термин кәсіптік қызметтерді және тәуелсіз сипаттағы басқа қызметті орындауды қамтиды;

l) "кәсіпорын" деген термин кез келген кәсіпкерлік қызмет түрін жүзеге асыру кезінде қолданылады.

2. Уағдаласушы мемлекет Келісімді кез келген уақытта қолданған кезде егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, онда айқындалмаған кез келген термин осы Келісім

қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы бойынша сол кезде ие болған мағынаны иеленетін болады. Осы Уағдаласушы мемлекеттің қолданылатын салық заңнамасы бойынша кез келген мағына осы Уағдаласушы мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан басым болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Уағдаласушы мемлекеттің резиденті" деген термин мынаны білдіреді:

а) Қазақстан жағдайында: осы Мемлекеттің заңнамасы бойынша оның тұрғылықты жері, азаматтығы, басқару орны немесе ұқсас сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді. Алайда бұл термин осы мемлекетте орналасқан көздерден алынатын табысқа қатысты ғана осы мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

б) Кувейт жағдайында: Кувейтте тұрғылықты жері бар және Кувейттің ұлттық тұлғасы болып табылатын жеке тұлғаны және Кувейтте құрылған компанияны білдіреді.

2. 1-тармақтың мақсаттары үшін Уағдаласушы мемлекеттің резиденті мынаны қамтиды:

а) осы Уағдаласушы мемлекеттің Үкіметі және демек, кез келген саяси бөлімшелер, орталық немесе жергілікті билік органдары;

б) корпорация, Орталық (Ұлттық) банк, қор, билік органы, мекеме, агенттік немесе басқа осындай құрылымдар сияқты мемлекеттік (жария) заң бойынша осы Уағдаласушы мемлекетте құрылған кез келген үкіметтік институттар;

с) осы Уағдаласушы мемлекеттің Үкіметі немесе оның кез келген саяси бөлімшесі, орталық немесе жергілікті билік органдары немесе үшінші мемлекет осындай органдарымен бірлесіп, б) тармақшасында анықталған кез келген үкіметтік институт осы Уағдаласушы мемлекетте құрған кез келген экономикалық бірлік.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады:

а) ол өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі. Егер оның иелігінде Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы мемлекеттің ғана резиденті болып саналады;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер Уағдаласушы мемлекеттердің ешқайсысында өзінің

иелігіндегі тұрақты баспанасы болмаса, онда ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы мемлекеттің ғана резиденті болып саналады;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, онда ол азаматы болып табылатын Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

д) егер оның мәртебесі а)-с) тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындау болмаса, онда Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

4. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" деген термин кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" деген термині, атап айтқанда, мыналарды:

- а) басқару орнын;
- б) бөлімшені;
- с) кеңсені;
- д) фабриканы;
- е) шеберхананы;

ф) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді, кенішті, құрылысты немесе табиғи ресурстарды өндіруге немесе барлауға қатысты кез келген басқа орынды, сондай-ақ осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтерді қамтиды.

3. Құрылыс алаңы конструкция немесе монтаждау құрастыру объектісі немесе Уағдаласушы мемлекетте жүзеге асырылатын осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер, егер осындай алаң, объект немесе қызмет 3 (үш) айдан астам кезең ішінде жұмыс істеп тұрған болса ғана тұрақты мекемені құрайды.

4. Уағдаласушы мемлекет кәсіпорының екінші Уағдаласушы мемлекетте осындай мақсаттар үшін кәсіпорын жалдаған қызметшілер немесе басқа персонал арқылы консультациялық немесе басқару қызметтерін қоса алғанда, қызметтер көрсетуі, егер осындай сипаттағы (осындай немесе онымен байланысты жоба үшін) қызмет ел ішінде кез келген он екі айлық кезең шегінде 3 айдан артық кезеңге немесе кезеңдерге жалғасатын болса ғана тұрақты мекемені құрайды.

5. Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны, егер негізгі техникалық немесе ғылыми

жабдық немесе машина жабдығы кез келген он екі айлық кезеңде алты айдан артық пайдаланылса немесе осы екінші Уағдаласушы мемлекетте кәсіпорынмен жасасқан келісім-шартқа сәйкес орнатылса екінші Уағдаласушы мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

6. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" деген термин мыналарды:

- a) құрылыстарды тек кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін пайдалануды;
- b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ұстауды;
- c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ұстауды;
- d) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ұстауды;
- e) тұрақты кәсіпкерлік қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ұстауды;
- f) осындай амал нәтижесінде туындайтын тұрақты кәсіпкерлік қызметтің орнының жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болады деген шартпен тұрақты кәсіпкерлік қызмет орнын a) тармақшасынан бастап e) тармақшасын қоса алғанда санамаланған қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ұстауды қамтитын ретінде қарастырылмайды.

7. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер оған 8-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы мемлекетте екінші Уағдаласушы мемлекет кәсіпорының атынан әрекет етсе, егер ол:

- a) алғашқы Уағдаласушы мемлекетте кәсіпорынның атынан, егер тек осындай кәсіпорынның қызметі 6-тармақта айтылған қызмет түрлерімен шектелмесе, келісім-шарттар жасасуға өкілетті болса және оны әдетте пайдаланса, олар тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылса да, кәсіпкерлік қызметтің сол тұрақты орынға осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырылмаса;
- b) осындай өкілеттігі болмаса, бірақ әдетте алғашқы айтылған мемлекетте одан ол тұрақты негізде тауарлардың немесе бұйымдардың қорын ұстаса, тауарларды немесе бұйымдарды кәсіпорынның атынан үшінші тарапқа жеткізеді;
- c) әдетте тапсырыстарды алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте кәсіпорынның өзі үшін немесе осындай кәсіпорын және өздері бақылайтын немесе оны бақылайтын басқа да кәсіпорындар үшін ғана немесе сол сияқты сақтайтын;
- d) осындай қызметті орындай отырып, ол кәсіпорын үшін осы Уағдаласушы мемлекетте кәсіпорынға тиесілі тауарлар мен бұйымдарды шығарса немесе өңдесе және сатса, онда бұл кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын үшін қолданатын кез келген қызметке қатысты алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте тұрақты мекемесі бар

ретінде қаралатын болады.

8. Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны кәсіпкерлік қызметін осы басқа Уағдаласушы мемлекетте делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, осы басқа Уағдаласушы мемлекетте тұрақты мекемесі бар ретінде қарастырылмайды. Алайда, егер осындай агенттің қызметі осы кәсіпорынның және өздері бақылайтын немесе оның мүддесін бақылайтын басқа кәсіпорындардың атынан толығымен немесе шамамен толықтай жүзеге асырылатын болса, ол осы тармақтың мағынасында тәуелсіз мәртебесі бар агент ретінде қаралмайды.

9. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші Уағдаласушы мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы (не тұрақты мекеме арқылы не басқаша түрде) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырылмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысына (ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы бойынша айқындалатын мағынаға ие. Бұл термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты ортақ құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, көздерді және басқа табиғи ресурстарды игеру немесе игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қаралмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер тек Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда айтылғандай жүзеге асырса, онда кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы мемлекетте, бірақ мыналарға:

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) осы екінші мемлекетте тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарлар немесе бұйымдар секілді немесе соларға ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды сатуға; немесе

с) өзінің сипаты жағынан осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе соған ұқсас осы екінші мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке жататын бөлігінде ғана осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы мемлекетте осы тұрақты мекемеге, егер ол оқшау және дербес кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысып әрі өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда ж а т қ ы з ы л а д ы .

3. Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеріп тастауға жол беріледі. Алайда, егер мұндайлар болса тұрақты мекеме оның кәсіпорынның бас офисіне немесе оның кез келген басқа офистеріне роялти, қаламақы немесе патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін ұқсас төлемдер түрінде немесе ерекше қызметтер көрсеткені үшін немесе басқарғаны үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе банктерді қоспағанда, тұрақты мекемеге берілген қарыз сомасы проценттер түрінде төленетін сомаларға, (нақты шығыстарды өтеуден өзге) қатысты шегерімге жол берілмейді. Осылайша тұрақты мекеменің пайдасы роялти, қаламақы және патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін басқа төлемдер түрінде; көрсетілген ерекше қызметтер үшін немесе басқарғаны үшін комиссиялық алымдар түрінде; немесе банктерді қоспағанда, кәсіпорынның бас офисіне немесе оның кез келген басқа бөлімшесіне берілген қарыз сомасына проценттер түрінде кәсіпорынның бас офисінен немесе оның кез келген басқа бөлімшесінен тұрақты мекеме алған сомаларды (нақты шығыстарды өтеуден өзге) қамтымауы тиіс.

4. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуының негізінде ғана осы тұрақты мекемеге қандай да болмасын пайда есептелмейді.

5. Егер әдетте Уағдаласушы мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайда

кәсіпорынның жалпы пайдасын оның әртүрлі бөліктеріне тепе-тең бөлу негізінде айқындалып жүрген болса, 2-тармақтағы ешнәрсе Уағдаласушы мемлекетке салық салынатын пайданы әдетте қолданылып жүрген осындай тепе-тең бөлу арқылы айқындауға кедергі келтірмеуге тиіс; алайда тепе-тең бөлудің қабылданған әдісі осы Бапта қамтылған принциптерге сай келетін нәтиже беруі тиіс.

6. Егер Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органы үшін қол жетімді болып табылатын ақпарат тұлғаның тұрақты мекемесіне қатысты пайданы анықтау үшін жеткіліксіз болса, осы баптағы ештеңе осы тұрақты мекеменің пайдасын осы Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органының бағалауы арқылы салық төлеу бойынша осы тұрақты мекеменің салықтық берешегін анықтауға қатысты осы Уағдаласушы мемлекеттің қандай да болмасын заңын немесе нормативтік актісін қолдануға тыйым салмайды.

7. Осы баптың алдыңғы тармақтарының мақсаты үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және нақты себептер болмаса жыл сайын бірдей тәсілмен айқындалады.

8. Егер пайда осы Келісімнің басқа баптарында жеке айтылатын табыстардың түрлерін қамтыса, онда бұл баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

9. Осы Келісімде ештеңе Уағдаласушы мемлекетке осы мемлекеттегі тұрақты мекемеге жататын компанияның пайдасына арнайы салық, кез келген салыққа қосымша салық салынатын жылдары осындай қосымша салық салуға ұшырамаған осындай пайда сомасының 5 пайызынан аспайтындай етіліп есептелген жағдайда осы мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның пайдасына есептелетін салыққа қосымша салық салуға кедергі түрінде түсіндіріле алмайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы мемлекетте өндіріп алынатын осы тармақта ескерілген қосымша салықтан басқа одан басқа салықтарды шегергеннен кейін анықталады.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнының теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алатын пайдасына тек осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін халықаралық тасымалдарда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан алынатын пайда мыналарды қамтиды:

- a) теңіз немесе әуе кемелерін экипажсыз жалға беруден түсетін пайда;
- b) тауарларды немесе бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланылатын контейнерлерді тасымалдауға арналған трейлерді, ілеспе жабдықты қоса алғанда, контейнерлерді пайдаланудан, ұстаудан немесе жалға беруден түсетін пайда; мұнда

осындай жалдау немесе осындай пайдалану, ұстау немесе жалға беру жағдайға байланысты халықаралық тасымалдарда теңіз немесе әуе кемесін пайдалануға қатысты қ о с а л қ ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. 1-тармақтың ережелері сондай-ақ көлік құралдарын пайдалану жөніндегі бірлескен кәсіпорында немесе халықаралық ұйымда пулға қатысудан алынатын пайдаға қолданылады.

9-бап

Қауымдасқан кәсіпорындар

1 . Е г е р

а) Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қ а т ы с с а , н е м е с е

б) дәл сол тұлғалар Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы мемлекет осы Уағдаласушы мемлекет кәсіпорнын пайдаға қосса әрі тиісінше, екінші Уағдаласушы мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынатын пайданы және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болып табылса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы қатынастардай болса, онда осы екінші Уағдаласушы мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа да ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультация жүргізіп отыруға тиіс.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның осындай дивиденттердің іс жүзіндегі иесі болып табылатын екінші Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай дивидендтерге резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы мемлекетте осы Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болса, онда осындай жолмен алынатын салық:

а) егер іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің Үкіметі немесе кез келген үкіметтік институт немесе 4-баптың 2-тармағында айтылғандай кез келген экономикалық бірлік болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 0 процентінен;

б) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының кемінде 5 пайызына тікелей иелік ететін компания болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 п р о ц е н т і н е н ;

с) егер іс жүзіндегі дивидендтердің иесі жеке тұлға болып табылса дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен аспауы тиіс.

Осы тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қарастырмайды.

3. "Дивидендтер" терминін осы бапта пайдаланған кезде акциялардан, "жуиссанс" акцияларынан немесе "жуиссанс" құқықтарынан, өңдеу кәсіпорындарының акцияларынан, құрылтайшылық акциялардан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын басқа құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын, дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және төленіп жүрген дивидендтерге қатысты холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы мемлекеттен пайда немесе табыс алатын болса, осы екінші Уағдаласушы мемлекет, мұндай дивидендтер осы екінші Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг осы екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен шын мәнінде байланысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерді салықтан босата алады, егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осы екінші Уағдаласушы мемлекетте пайда болған табыстан толығымен немесе ішінара құралса да , компанияның бөлінбеген пайдасына салық салынбайды.

11-бап

Проценттер

1. Уағдаласушы мемлекетте пайда болатын және іс жүзіндегі иесі болып табылатын екінші Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне төленетін осындай пайыздарға осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай пайыздарға сол сияқты компания пайыздар төлейтін және осы Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес резидент болып табылатын Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы пайыздардың нақты иесі бола тұра, екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылса, онда о с ы л а й ш а а л ы н а т ы н с а л ы қ :

а) егер іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің Үкіметі немесе кез келген үкіметтік институт немесе 4-баптың 2-тармағында айтылғандай кез келген экономикалық бірлік болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 0 процентінен;

б) барлық қалған жағдайларда проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен а с п а у ы т и і с .

3. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін кез келген түрдегі борыштық талаптардан алынатын табысты және атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты (Қазақстан жағдайында), үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты (Кувейт жағдайында) және осы бағалы қағаздар, табыс туындайтын Уағдаласушы мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес қарыз сомасынан түсетін табыс сияқты осындай салық салуға жататын кірісті қоса алғанда, облигациялар және борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықтар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақтылы төленбеген төлемдер үшін айыппұлдар осы баптың мақсаты үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

4. Егер Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің іс жүзіндегі иесі проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және өзіне қатысты пайыздар төленетін борыштық талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер Уағдаласушы мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Егер, алайда, проценттерді төлеуші тұлға Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па осыған қарамастан, Уағдаласушы мемлекетте проценттер төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме орналасқан

Уағдаласушы мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

6. Егер пайыздар төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты пайыздардың сомасы пайыздар төлеуші мен олардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы мемлекетте және осы Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер роялтидің нақты иесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осындай тәсілмен алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 проценттер аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде бағдарламалық қамтамасыз етуді, кинематографиялық фильмдерді қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым шығармаларына, кез келген патентке, сауда таңбасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске, кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе осындай құқықты пайдалануға бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпараттар үшін сыйақы ретінде алынған төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

4. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласушы мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Егер, алайда, роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па, оған қарамастан

Уағдаласушы мемлекетте оған байланысты роялти төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі болса және мұндай роялти осы тұрақты мекемеге байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы мемлекетте пайда болды
д е п е с е п т е л е д і .

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу салдары негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісуге болатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынады.

13-бап

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыс

1. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті осы Келісімнің 6-бабында анықталған және екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алатын табыстарға осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы
м ү м к і н .

2. Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) иеліктен шығарудан алынған табыстарды қоса алғанда, осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға тек осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық
с а л ы н а д ы .

4. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктің өз құнының 50 процентінен астамын тікелей немесе жанама түрде алатын компания акцияларын иеліктен шығарудан алған табыстарға осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін. Алайда осы тармақ акцияларды иеліктен шығарудан келетін пайдаға қолданылмайды:

а) Уағдаласушы мемлекеттердің арасында келісілуі мүмкін осындай қор биржаларында белгіленетін; немесе

б) компанияларды қайта ұйымдастыру, қосу жүйесінде иеліктен шығарылған немесе айырбасталған, шартты "ыдырату" немесе осындай операциялар; немесе

с) ол өзінің кәсіпкерлік қызметін орындайтын жылжымайтын мүліктен түсетін

активтің оның құнынан 50 проценттен астамын алатын компанияда.

5. 1, 2, 3 және 4-тармақтарда айтылғаннан өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. 15, 17, 18-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған еңбекақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы мемлекетте орындалмаса, осы мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, онда осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы мемлекетте орындалатын жалданып жұмыс істеуге байланысты Уағдаласушы мемлекеттің резиденті алған сыйақыға, егер барлық төмендегі шарттар орындалса:

а) резидент тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы екінші Уағдаласушы мемлекетте болса;

б) сыйақыны екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақы төлеу жөніндегі шығыстарды жалға алушының екінші Уағдаласушы мемлекеттегі тұрақты мекемесі көтермесе, тек алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте салық салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдарда Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалданып істейтін жұмысқа қатысты алынған сыйақыға Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық әуе агенттігінің бас офисінде тағайындалған персонал екінші Уағдаласушы мемлекетте олардың сыйақыларынан өндіріп алынатын салықтардан осы екінші Уағдаласушы мемлекетте босатылатын болады.

15-бап

Директорлардың қаламақылары

Екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе оған ұқсас органның мүшесі ретінде Уағдаласушы мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақыларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы алғашқы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін.

16-бап

Артистер мен спортшылар

1. 7 және 14-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе телевидение артисі немесе сазгер ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшы осы өзінің сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алынатын табыс артистің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа 7 және 14-баптардың ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын өнер қызметкерінің немесе спортшының екінші Уағдаласушы мемлекетте жүзеге асыратын жеке қызметінен алынатын табысқа, егер оның осы екінші Уағдаласушы мемлекетке келуі елеулі түрде кез келген оның саяси бөлімшелерін, орталық, жергілікті билік органдарын немесе мемлекеттік органдарды қоса алғанда, алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекеттің қоғамдық қорлары немесе коммерциялық емес ұйымдары қолдамаса, 1 және 2-тармақтар қолданылмайды.

17-бап

Зейнетақылар және аннуитеттер

1. 18-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес бұрын жүзеге асырған жұмысы үшін Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаға төленетін зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас төлемдерге және аннуитеттерге осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін:

а) "зейнетақылар және басқа да осындай төлемдер" термині зейнетке шыққаннан кейін жалдау бойынша жұмысы үшін өтеу түрінде жүзеге асырылатын мерзімді төлемдерді немесе бұрын жалдау бойынша жұмысына байланысты алған жарақаты үшін өтемақы түріндегі төлемдерді білдіреді;

б) "аннуитеттер" термині осындай төлемдерді ақшалай немесе құндық мәнде баламалы және толық өтеуді жүзеге асыру міндеттемесіне сәйкес жеке тұлғаға өмір бойы немесе белгілі бір немесе белгіленетін уақыт кезеңі бойы белгіленген мерзімде жүйелі түрде төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

18-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Жеке тұлғаға Уағдаласушы мемлекет немесе оның саяси бөлімшелері, орталық немесе жергілікті билік органдары осы Уағдаласушы мемлекет немесе оның саяси бөлімшелері, орталық немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін еңбекақыға, жалақыға және зейнетақыдан басқа осыған ұқсас сыйақыға осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады;

б) Алайда, мұндай қызметақыға, жалақыға және өзге осыған ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Уағдаласушы мемлекетте жүзеге асырылса және осы мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

i) осы Уағдаласушы мемлекеттің азаматы болып табылса;

ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болмаса, тек екінші Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы мемлекет немесе оның саяси бөлімшелері, орталық немесе жергілікті билік органдары немесе олар құрған қорлар, жеке тұлғаға осы Уағдаласушы мемлекет немесе оның саяси бөлімшелері, орталық немесе жергілікті билік органдары үшін жүзеге асырған қызметтеріне төлейтін кез келген зейнетақыға осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

б) алайда, мұндай зейнетақыға егер жеке тұлға осы Уағдаласушы мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, тек екінші Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

3. 14, 15, 16 және 17-баптардың ережелері Уағдаласушы мемлекет немесе оның саяси бөлімшелері, орталық немесе жергілікті билік органдары жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты еңбекақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

19-бап

Оқытушылар және ғылыми қызметкерлер

Уағдаласушы мемлекетке сапарының алдында Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылған немесе болған және алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекеттің Үкіметінің немесе университеттің, колледждің, мектептің, мұражайдың немесе кез келген басқа мәдени мекеменің шақыруы бойынша осындай алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте немесе мәдени алмасудың ресми бағдарламасына сәйкес осы Уағдаласушы мемлекетте бірінен кейін бірі жүретін екі жылдан аспайтын уақыт кезеңі ішінде сабақ беру, лекциялар оқу немесе осындай мекемелерде зерттеулер жүргізу мақсатында ғана жүрген жеке тұлға осы қызмет үшін сыйақыға қатысты осы Уағдаласушы мемлекетте салық салудан босатылады.

20-бап

Студенттер

Уағдаласушы мемлекетке келер алдында тікелей екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын және тек білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте болған студент, тәлімгер өзінің тұруы, білім алуы немесе тағылымдамадан өтуі мақсаты үшін алатын төлемдерге осы сома көздері осы Уағдаласушы мемлекеттен тысқары жерде болған жағдайда, осы Уағдаласушы мемлекетте салық салынбайды.

21-бап

Басқа да табыстар

1. Осы Келісімнің алдыңғы баптарында айтылмаған Уағдаласушы мемлекет резидентінің табыс түрлеріне оның пайда болу көзіне қарамастан, тек осы Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

2. 6-баптың 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарға, егер мұндай табыстарды алушы Уағдаласушы мемлекеттің резиденті бола тура екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және оған сәйкес табыс төлеу жүргізілген құқық немесе мүлік іс жүзінде осындай тұрақты мекемеге қатысты болса, 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

3. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан осы Келісімнің алдыңғы баптарында айтылмаған және екінші Уағдаласушы мемлекетте туындайтын Уағдаласушы мемлекет резидентінің кіріс түрлеріне сол сияқты осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

22-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Әрбір Уағдаласушы мемлекеттің қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосарланған салық салу мынадай ережелер кезінде жойылады:
а) Қазақстан жағдайында:

Егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Кувейтте салық салынуы мүмкін табыс алса, Қазақстан осындай резиденттің табысына салынатын салықтан Кувейтте төленген табыс салығына баламалы соманы шегеруге мүмкіндік б е р у і т и і с ;

Алайда мұндай шегеру кез келген жағдайда жағдайға қарай Кувейтте салық салынуы мүмкін кіріске жататын осындай шегеруді бергенге дейін есептелген табысқа салынатын салықтың сол бөлігінен асуы тиіс.

б) К у в е й т ж а ғ д а й ы н д а :

Егер Кувейт резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс алса, Кувейт осындай резиденттің табысына салынатын салықтан Қазақстанда төленген табыс салығына баламалы соманы шегеруге мүмкіндік б е р у і т и і с ;

Алайда мұндай шегеру кез келген жағдайда жағдайға қарай Қазақстанда салық салынуы мүмкін кіріске жататын осындай шегеруді бергенге дейін есептелген табысқа салынатын салықтың сол бөлігінен асуы тиіс.

2. Осы баптың мақсаттары үшін 2-баптың 3-тармағының а) тармақшасында ескерілген Зекет табыс салығы ретінде қарастырылуға тиіс.

3. Уағдаласушы мемлекетте есеп беру мақсатында екінші Уағдаласушы мемлекетте төленген салық осы екінші Уағдаласушы мемлекетте өзгеше төленетін, бірақ осы екінші Уағдаласушы мемлекетте экономикалық өсімге жәрдемдесуге арналған заңмен немесе шаралармен арнайы ынталандырушы инвестицияларға сәйкес уақытша кейінге қалдырылған немесе азайтылған салықты қамтуы тиіс.

23-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы мемлекетте осы екінші Уағдаласушы мемлекеттің ұлттық тұлғалары тап сондай жағдайда, атап айтқанда, резиденттікке қатысты ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін кез келген салық салуға немесе соларға байланысты міндеттемелерден өзгеше немесе ауыртпалықты кез келген салық салуға болып немесе соларға байланысты кез келген міндеттемеге ұ ш ы р а м а й д ы .

2. Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнында екінші Уағдаласушы мемлекетте бар тұрақты мекемеге салық салу осыған ұқсас жағдайда осындай қызметті жүзеге асыратын үшінші елдің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы екінші Уағдаласушы мемлекетте қолайсыздау болмауға тиіс. Осы ереже Уағдаласушы мемлекетті басқа Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне салық салу мақсаттары үшін азаматтық мәртебе немесе отбасылық міндеттер негізінде ол өзінің тел резиденттеріне беретін бір жеке салықтық жеңілдіктер, шегерімдер беруге міндеттейтіндей ретінде т ү с і н д і р і л м е у г е т и і с .

3. Капиталы екінші Уағдаласушы мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорындары капиталы кез келген үшінші мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақыланатын басқа ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салу мен оған байланысты міндеттемелерге

қарағанда онымен өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салу немесе оған байланысты кез келген міндеттемелерге алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте ұшырамауы тиіс.

4. Осы бапта ештеңе кез келген Уағдаласушы мемлекетті екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденттеріне қатысушысы осындай алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекет болып табылатын толық немесе басты түрде салық салуға немесе капиталды орналастыруға байланысты кедендік одақ, экономикалық одақ, еркін сауда немесе кез келген өңірлік немесе өңіраралық құралу аймағын құруға байланысты кез келген үшінші мемлекетке немесе оның резиденттеріне берілуі мүмкін кез келген режим, преференциялар немесе артықшылықтар түріндегі пайда ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

5. Осы бапта "салық салу" термині осы Келісімнің мәні болып табылатын салықтарды білдіреді.

24-бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғып отыр немесе әкеп соғады деп есептесе, ол осы Уағдаласушы мемлекеттердің ішкі заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органының қарауына немесе егер оның ісі 23-баптың 1-тармағының қолданысына түссе, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соқтыратын іс-әрекеттер туралы алғашқы хабарлама берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы мемлекеттердің ішкі заңнамаларында көзделген уақыттағы кез келген шектеуге байланыссыз орындалатын болады.

3. Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Олар сол сияқты осы Келісімде көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультация өткізе алады.

4. Құзыретті органдар ішкі соттарға қарауға бергенге дейін кез келген жағдайды

шешудің ережелерін өзара келісу рәсімін қабылдау қажеттілігін назарға алуы тиіс.

5. Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары алдыңғы тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады.

25-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін немесе осы Келісімге қайшы келмейтіндей дәрежеде осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы мемлекеттің ішкі заңнамаларын орындау үшін қажет ақпаратпен алмасады. Уағдаласушы мемлекет алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы мемлекеттің ішкі заңнамасы шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және тек осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты бағалаумен немесе жинаумен немесе мәжбүрлі өндіріп алумен немесе сот арқылы іздестірумен немесе апелляцияларды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қоса алғанда) хабарланады.

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

3. Егер ақпарат Уағдаласушы мемлекетке осы бапқа сәйкес талап етілетін болса, екінші Уағдаласушы мемлекет жинақталған ақпаратты тіпті екінші мемлекет өзінің жеке салық мақсаттары үшін осындай ақпаратқа мұқтаж болмаса да пайдаланады. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме 2-тармақтың шектеулеріне бағынады, бірақ ешқандай жағдайда да осындай шектеу Уағдаласушы мемлекетке осындай ақпаратқа ешқандай ішкі мүддесінің болмағандығынан ғана, ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде қарастырылмайтын болады.

4. Ешқандай жағдайда 2-тармақтың ережелері банкте, басқа қаржы институтында, кандидатта немесе ұйымда немесе сенімді тұлғаның ережесінде әрекет ететін тұлғада бар ақпарат немесе бұл тұлғадағы жеке мүдделерге жатқызылатындықтан, Уағдаласушы мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру үшін қарастырылмайтын болады.

26-бап

Өзге де ережелер

1. Осы Келісімнің ережелері қазір немесе кейіннен келісілген:

а) осы Уағдаласушы мемлекет өндіріп алатын салықты анықтаған кезде
Уағдаласушы мемлекеттердің заңнамаларымен;

б) Уағдаласушы мемлекеттердің арасында немесе бір Уағдаласушы мемлекет пен екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденттері арасында салық салуға қатысты кез келген басқа арнайы шартпен кез келген жоюға, босатуға, шегеруге, кредитке немесе басқа да жеңілдіктерге қатысты ешқандай да шектеулер жасамайды.

2. Уағдаласушы мемлекет нормативтік актілерді осы Келісімнің ережелерін орындау мақсатында енгізе алады.

27-бап

Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері

Осы Келісімдегі ештеңе де дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлерінің немесе осындай артықшылықтар халықаралық құқықтың жалпы нормаларымен немесе беретін немесе арнайы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген халықаралық ұйымдар қызметшілерінің салық артықшылықтарын қозғамайды.

28-бап

Күшіне енуі

1. Осы Келісім ратификациялануға жатады және Уағдаласушы мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауын көрсететін соңғы хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

2 . К е л і с і м :

а) Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе бірінші қаңтардан кейін төленген немесе есептелген сомалар бойынша көздерден ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан немесе бірінші қаңтардан кейін басталатын салық салынатын кезеңдегі басқа салықтарға қатысты қолданылады.

29-бап

Қолданылуын тоқтату

Осы Келісім бес жыл ішінде қолданыста болады және одан кейін Уағдаласушы мемлекеттердің бірі Келісімді бастапқы немесе кез келген соңғы кезеңде қолданысы өткенге дейін алты ай қалғанда жазбаша түрде өзінің осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екіншісіне хабардар еткенге дейін ұқсас кезең немесе уақыт кезеңі ішінде қолданысын жалғастыра береді. Осындай жағдайда Келісім екі Уағдаласушы мемлекетте де мынадай жағдайда:

а) хабарлама беру жылынан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе бірінші қаңтарынан кейін төленетін немесе есептелетін сомалар бойынша көздерден ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) хабарлама берген жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе бірінші қаңтарынан кейін басталатын салық салынатын кезең үшін басқа салықтарға қатысты өзінің қолданысын тоқтатады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті дәрежеде өкілеттік берілген екі Уағдаласушы мемлекеттің өкілдері осы Келісімге қол қойды.

200__ жылғы "___" _____ күні қазақ, орыс, араб және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Кувейт Мемлекетінің